

Алиева Ж.Н., Алагузов Н.С.

**Ландшафттық дизайнды
туристік инфрақұрылым
нысандарында қолдану**

Туристер жылдар өткен сайын сұраныстары кеңейіп, талғамдары өзгеріп туризмнің жаңа түрлерін, жаңаша қырларын іздестіруде. Сол себептен де, туризм саласында (бақтар мен қала көшелерінде, туристік инфрақұрылым нысандарында) ландшафттық дизайнды қолдану қазіргі заман мен туристердің талабын қанағаттандыруға бағытталады. Заманауи туризм саласында ландшафттық дизайнды қолдануға байланысты зерттеу жасалып, нәтижелеріне талдау жасалынады. Сонымен қатар, бұл мақалада ландшафттық дизайнды қолданудың артықшылықтарын жарнамалау, оны ашық кеңістіктерде дұрыс ұйымдастыру шаралары және туристерді ерекше әсерге бөлеу арқылы тарту мәселелері қарастырылды.

Түйін сөздер: ландшафттық дизайн, ландшафттық сәулет құралдары, рекреациялық кеңістік, туризм индустриясы, қала құрылысы, композиция.

Aliyeva Zh.N., Alaguzov N.S.

**Using landscape design
in tourist infrastructure**

Nowadays, the increasing demands of today's tourists are undergoing significant changes. Therefore, the use of landscape design in the field of tourism is aimed to meet the aesthetic needs of tourists. The article examines the possibility of using landscape design in the tourist infrastructure of their organization in open spaces, as well as the ways of attracting the tourists by the landscape design.

Key words: landscape design, landscape architectural elements, recreational space, the tourism industry, urban development, composition.

Алиева Ж.Н., Алагузов Н.С.

**Использование
ландшафтного дизайна
в туристской инфраструктуре**

В настоящее время все возрастающие потребности современных туристов претерпевают значительные изменения. Поэтому использование ландшафтного дизайна в сфере туризма направлено, в первую очередь, на удовлетворение эстетических потребностей туристов. В статье рассматриваются возможности использования ландшафтного дизайна в туристской инфраструктуре, их организация на открытых пространствах, а также способы привлечения туристов посредством ландшафтного дизайна.

Ключевые слова: ландшафтный дизайн, ландшафтные архитектурные элементы, рекреационное пространство, индустрия туризма, градостроительство, композиция.

**ЛАНДШАФТТЫҚ
ДИЗАЙНДЫ ТУРИСТІК
ИНФРАҚҰРЫЛЫМ
НЫСАНДАРЫНДА
ҚОЛДАНУ**

Кіріспе

Қазақстан Республикасында қабылданған экологиялық тұрақты дамудың 2010-2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» салалық бағдарламасын, қалаларды дамытудың 2020 жылдарға арналған бағдарламасын, Қазақстан экономикасы мен адами тұрақты дамудың жаңа парадигмаларын, туризмді маңызды әлеуметтік-экономикалық бағыттардың бірі ретінде дамыту негізінде бәсекеге қабілеттілігі мен тартымдылығын арттыру үшін Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сүйене отырып, аталған бағдарламаларды қолдай отырып, оларды жүзеге асыру мақсатында қазіргі әлемдік тұрақтылық пен өркениеттің тұрақты дамуын нығайтуға ландшафттық дизайнды туризм саласындағы нысандарда және қалаларды жоспарлауда дұрыс қолдану инновациялық іс-әрекет болып табылады.

2000 жылдан бастап, Қазақстан халқының әл-ауқаты артып, қарқынды дамуы, қалалардың өсуі мен жоғары урбандалу процесі, Қазақстан мемлекетінің индустриалды елге айналуы, сондай-ақ, туризм инфрақұрылымын дамыту үшін Президентіміздің Жарлығымен қабылданған ірі серпінді жобаларды жүзеге асыру барысында абаттандыруда әсемдік пен үйлесімділіктен бөлек, экологиялық жағдайды жақсарту үшін және туристердің тартымдылығы мен қызығушылығын арттыруға бағытталған сәйкес жобалар мен шешімдерді қабылдау оң нәтиже береді.

Қазіргі қалалар мен елді мекендердегі ауаның, топырақ пен су айдындарының ластануы, шудың мөлшерден тыс көбеюі, көлік, тұрмыстық қоқыс қалдықтарының тасталуы сияқты мәселелер жаңа жобаларды жүзеге асыруда, оның ішінде абаттандыруда ландшафттық дизайн жобасын жоғарғы деңгейде, барлық мүмкіншіліктерді ескере отырып жасау, бүгінгі халқымыздың ғана емес, келуші туристерді де қызықтыратыны анық. Себебі, түрлі өлшеусіз, шексіз техногенді және рекреациялық жүктемелер нәтижесінде көптеген құнды ландшафттар қайта оралмастай жойылу үстінде. Ірі қала агломерацияларына халық санының артуы есебінен, көрші орналасқан шағын аудандардың бірігу процесінен, ауа бассейндері ластанып, қала орталықтарының дамуы салдарынан табиғаттан алшақтап бара жатыр [1].

Ландшафттық дизайнның қалалардың дамуы мен экологиясына, туристік инфрақұрылым нысандарында қолданудың маңыздылығы жөніндегі мәселелер тәжірбиелі түрде зерттелмеген. Ландшафттық дизайн мен туризмнің қандай байланысы бар? Ландшафттық дизайнның қала экологиясына қатысы қанша? Жалпы, бүгінде ландшафттық дизайнды туристік инфрақұрылым нысандары мен қала құрылысы нысандарында қолдану бізге не береді? деген сұрақтар зерттеу жұмысының өзектілігі болып табылады.

Зерттеу барысы

Әлем елдерінің тәжірбиесін зерттей келе, ландшафттық сәулет өнерінің бүгінгі туристік инфрақұрылым нысандарын абаттандыру үшін дұрыс жобаларды даярлау, құрылыс нысандарының техникалық жағдайы мен бірге сәулетіне, алаңдарын абаттандыруда ландшафттық дизайнына мән беру туризм саласында инновациялық бағытты қалыптастыруға жол ашады.

Бүгінгі күні Қазақстанда ландшафттық дизайнды қолдануда және жобалауда арнайы стильдер мен стандарттар қалыптаспаған. Объектілерді абаттандыруда құрылыстық ережелер мен стандарттар сақталады, бірақ эстетикалық үйлесімділікті орнатуға және қала архитектурасының көркемдігі үшін арнайы ландшафттық дизайнды қолдану туралы қағидалар мен ережелер жоқтың қасы. Ландшафттық дизайн көп қаржыны талап ететіндіктен, қаланың барлық нысандарын абаттандыруда ландшафттық дизайнды бірден қолдану күрделі. Сол себептен де, ең алдымен абаттандыруда ландшафттық дизайнды қолдануды туристік инфрақұрылым объектілерінен бастаған жөн. Ол үшін, біріншіден, шет елдерде көп қолданылып жүрген топиар (top-ағыл. шың сөзі) өнеріне аса мән беріліп, оны қаланың эстетикалық әсемдігін қалыптастыру үшін қолдану қажет [2]. Екіншіден, рекреациялық мақсаттағы санаторий, курорттардағы дәріханалық өсімдіктерді отырғызу үлгісін жүзеге асыру. Үшіншіден, ландшафттық дизайнның әдіс-тәсілдері арқылы, композициясына байланысты пейзаж бен ландшафттық дизайн элементтерін (көлденең безендірудегі түрлі ою-өрнектер мен пішіндер) құрылыс нысандарымен үйлесімділігін қалыптастыру арқылы туристердің қызығушылығын арттыру. Төртіншіден, жүргінші жолдар мен саябақ алаңдарын табиғи немесе зауытта өндірілген тас төсеніштерге алмастыру. Бесіншіден, қала су бұрқақтарын жаңа стильде өзгерту арқылы үздіксіз жұмыс істеуін және ыстық уақытта су

бұрқақ маңайын қала тұрғындары мен туристері үшін көше орындықтары мен кіші сәулет пішіндерінің орналастыруын қамтамасыз ету. Алтыншыдан, қала құрылысындағы барлық нысандардың алдына көліктерді қоюына тыйым салып, ландшафттық дизайнның элементтерін қолдану арқылы адамдардың үзілістік демалысына жағдай жасау. Жетіншіден, абаттандыру жұмысын жобалап, оны жүзеге асыру белгілі бір талаптар мен ережелерге бағынуы тиіс. Сегізіншіден, қала тұрғындары мен туристері үшін ландшафттық дизайнмен жасалған композициялар санын арттыру және ландшафттық дизайн композициясы бойынша көрме іс-шараларын ұйымдастыру. Аталған іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында келесідей нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- қаланың экологиялық жағдайының жақсаруына;

- топиар өнерін ландшафттық дизайн өнерінде пайдалану негізінде мәдениет (салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты өзіндік стиль қалыптастыру), тарих (ұлы ойшылдардың мүсіндерінің бағын құру), философия (әр ұлттың дүниетанымын бейнелеу) туралы сыр шертетін өнер туындыларын орналастыруға;

- қала құрылысындағы нысандарды табиғат әлемімен, ландшафттық дизайнның әдіс-тәсілдері арқылы байланыстырып, үйлесімділігін арттыруына;

- ландшафттық дизайн өнерін қаланың визиттік картасына айналдыруына;

- қаланың климаттық жағдайы жақсарып, шудың азаюына;

- игерілмеген кеңістіктерді туристер мен қала тұрғындары үшін биологиялық, рекреациялық аудандар қалыптастыруға жағдай жасалады.

Сауалнама. Рекреанттар мен тұрғылықты тұрғындар арнайы дайындығы болмаған соң кәсіби-сарапшы мамандарға қарағанда эстетикалық қабылдауы төмен болады. Дегенмен, пейзаждың сұлулығы туралы олардың пікірі маңызды. Олардың пікірін білу үшін көптеген сұрақтар қоюмен және түрлі мүмкіндіктерде сауалнама жүргізу арқылы біле аламыз. Бір ұлтқа тән қасиеттерді, білім деңгейінің, мамандықтың, әлеуметтік жағдайдың, жас шамасы мен бақылауға қатысушылардың әртүрлі болуы пейзажды эстетикалық бағалауы әркелкі болады. Сондықтан, мұндай сауалнама жүргізу этно-әлеуметтік сипатта болады. Жалпы пейзажды эстетикалық бағалауда сауалнама жүргізудің түрлі нұсқалары бар. Бірақ, әркелкілігіне қарамастан олар ең көп қолданатын, маңызды екі бөліктен тұрады:

Сұралатын тұлғаның жеке басының сипаттамасы (ұлты, жасы, білімі, мамандығы).

Арнайы бір орыннан бақылағандағы нақты пейзаждың эстетикалық деңгейі [3].

Сауалнамаларда сәйкестігіне байланысты сұрақтар топтастырылған. Нәтижелерін салыстыру мақсатында ұпай шкалаларымен (шәкіл) бағалау ұсынылады. Сондай-ақ, пейзажды және оның композициялық элементтерін бағалауда оның тартымдылық деңгейі мен эмоционалдық әсер етуі анықталуы тиіс.

Үлгі ретінде, географ-ландшафттанушы, эстетикалық ландшафт саласының маманы М.Ю. Фроловпен өңделген сауалнама қарастырылған. Сауалнамада жеті бағдардан тұратын бағалау шкалалары (шәкіл) пайдаланылған [4].

Арнайы (А) орыннан ландшафттық дизайнды бағалау туралы сауалнама

Өзіңіздің туған жылыңызды, жынысыңызды, ұлтыңызды, мамандығыңызды көрсетіңіз.

Біліміңіз: орта, бітпеген жоғары, жоғары (қажеттісінің астын сызыңыз).

Алғашқыда қандай елді мекенде өмір сүрдіңіз және қанша уақыт?

Қандай ландшафт түрлерін қалайсыз? (әрбір топ бойынша қажетті бір нұсқаның астын белгілеңіз):

– орман; көгалдандырылған жер; қырлы жер; қоныстанған жер мен ашық кеңістіктің үйлесімділігі;

– теңіз жағалауы; көл жағасы; өзен жағасы; ірі су аймақтарынан алыс жерлерде;

– адам қолы тимеген ландшафттар; игерілген ландшафттар;

– таулы аймақ; жазық дала;

Сіз ұнататын жыл мезгілі.

Қандай табиғи компоненттер Сіздің көңіліңізді аударады? Ауа, су, жер бедері, өсімдіктер, топырақ жамылғысы, жануарлар? (бір мезетте бірнеше компонентті белгілеуге болады).

Осы табиғат компоненттері Сізге қандай әсер береді?

Бұл сауалнамалар нәтижесінде түрлі санаттағы адамдардың рухани және рационалды ландшафттық-эстетикалық әсерін анықтауға мүмкіндік береді. Мұнда ландшафтты бағалаудың субъект-объект тәсілі жаңа әдістемелік деңгейге жоғарылап, философияның экзистенциализмі мен табиғи-ғылыми салыстырмалы теориясымен жақындайды. Дегенмен де, көптеген сауалнамаға қатысушылардың көркемдік-эстетикалық даярлығы жоқтығын ескеріп, жауаптардың үстірт болу мүмкіндігі бар. Сондықтан, жалпылама сауалнама жүргізгенде мақсатты түрде жоға-

ры кәсіби эстетикалық ландшафт сарапшыларын қатыстырған жөн [4].

Стратегиялық маңызы. Ландшафттық дизайнның стратегиялық маңызы ежелгі кезеңдерден күні бүгінге дейін артуда. Тек қоғамға, дәуір-кезеңдерге байланысты стильдері өзгеріп отырғаны болмаса, қазіргі таңда да маңызы артпаса, кеміген жоқ. Әрбір мемлекет ландшафттық дизайн өнерін қала құрылысында, барлық туристік нысандарды абаттандыруда өз тарихымен, мәдениетімен, философиясымен үйлестіріп қолдануда. Ландшафттық дизайнның туризмге берер әсері рекреациялық, танымдық, шығармашылық, экологиялық, әсемдік-эстетикалық тұрғысынан шексіз. Сол себептен, қазіргі таңда елімізде қабылданған ірі туристік серпінді жобаларды жүзеге асыру барысында, сол іс-шараларды ұйымдастыру барысында ландшафттық дизайнды дұрыс қолдану, сол нысандардың эстетикалық, туристік беделін арттыра-ры анық.

Ландшафт дизайнын жобалауда келесідей мәселелер талдануы тиіс:

– орналастыру жерінің климаттық жағдайы;

– абаттандырылатын жердің бедері;

– топырақ құрылымы мен құрамы;

– негізгі коммуникациялар мен кәріз жолы өтетін жолдар;

– ағаштар, бұталы өсімдіктер мен өсімдік жамылғысының болуы және олардың жағдайы;

– құрылыс нысандарының сәулеті мен үйлесімділігі [5].

Қорытынды

Қорытындылай келе, заманауи жағдайда ландшафттық дизайнның туризм саласындағы маңызы зор және жергілікті тұрғындар мен туристер үшін эмоционалдық, психологиялық, рекреациялық тұрғыда жан-жақты әсер етеді. Сонымен қатар, қала тұрғындары мен туристері үшін эстетикалық әсемдік көрік қалыптастырып, адамдардың мәдениеті мен тарихын білуіне ықпал жасайды. Адамдарға биологиялық, рекреациялық аудандарды құру арқылы, денсаулықтарының жақсаруына ықпал етіп, қаланың экологиялық тазаруына септігін тигізеді. Себебі, түрлі нақыштағы өнер туындылары қаланы, қала ішіндегі нысандарды шаң-тозаңнан, артық мөлшердегі шудан, басқа да рекреациялық, техногенді жүктемелерден қорғайды. Туризм саласы үшін ландшафттық дизайн жасыл аттракцион болып табылады. Ал, қала құрылысында ашық

кеңістіктерді түрлі ландшафттық туындылармен толықтыру қалаға ерекше сұлулық береді. Туристік нысандардың айналасында дұрыс ұйымдастырылған ландшафттық көріністер туристерге ерекше сезім мен ұмытылмастай әсер береді.

Әдебиеттер

- 1 Горохов В.А. Городское зеленое строительство. – М.: Стройиздат, 1991. – 416 б.
- 2 [Электрондық ресурс]. <http://www.topiaryartdesigns.com/>
- 3 Сычева А.В. Ландшафтная архитектура. – М.:Оникс, 2007. – 87с.
- 4 Николаев В.А. Ландшафтоведение: Эстетика и дизайн. – М.: Аспект-Пресс, 2003. – 176 б.
- 5 Крижановская Н.Я. Основы ландшафтного дизайна. – Ростов-н/Д: Феникс. – 2005.

References

- 1 Gorokhov V.A. Gorodskoe zelenoe stroitelstvo. – М.: Stroyizdat, 1991. – 416 s.
- 2 [Elektronnyi resurs]. <http://www.topiaryartdesigns.com/>
- 3 Sycheva A.V. Landshatnaya arhitektura.– М.: Oniks, 2007. – 87 s.
- 4 Nikolaev V.A. Landshaftovedenie: Estetika i dizain: – М.: Aspekt-Press, 2003. – 176 s.
- 5 Krizhanovskaya N.Y. Osnovi landshatnogo dizaina. – Rostov- n/ D: Feniks. – 2005.